

Тарихи және мәдени ескерткіштердің қорғау жөніндегі комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Май аудандық әкімиятының 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 190/15 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 желтоқсанда N 2170 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен.

Тарихи және мәдени ескерткіштердің қорғау, есебін жүргізу, қалпына келтіру, пайдалану және күтімін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 15, 17 тармақшаларына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ

Е Т Е Д И :

1. Тарихи және мәдениет ескерткіштердің қорғау жөніндегі комиссиясы құрылып, заңнамаға сәйкес құрамы аудандық мәслихатқа бекітуіне ұсынылсын.
2. Комиссияның ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мұбәраков

Аудан	әкімдігінің		
2003	жылғы	"9"	желтоқсандағы
"Тарихи	және	мәдени	ескерткіштерді
қорғау	жөніндегі		комиссиясын
құру туралы"	N	190 / 15	
қаулысымен бекітілді			

Тарихи және мәдени ескерткіштердің қорғау жөніндегі комиссиясының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау жаңындағы комиссия (бұдан қарай - комиссия) аудан әкімдігі жаңындағы тарихи және мәдениет ескерткіштерінің қорғауы мен күтімін қамтамасыз ету үшін, іс-әрекеттің жүзеге асыруышы кеңесші консультативтік - орган болып табылды.
2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 241-II "Қазақстан Республикасындағы, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы", Қазақстан

Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 56-1 "Мәдениет туралы", Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-XII (1995 жылғы 5 қазанында өзгерістер, толықтырулар енгізілді) "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасының басқа да зандарына, өкілетті және атқарушы органдардың нормативтік-құқықтық актілеріне, сол сияқты осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Комиссияның міндеттері мен өкілеттігі

3. Комиссия жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қарауына мұнадай ұсыныстар енгізеді:
- 1) тарихи-мәдени мұралар объектілерін анықтау, есебін жүргізу, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану;
 - 2) тарихи-мәдени құндылықтарға және жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш статусын белгілеу;
 - 3) тарих және мәдениет ескерткіштерін бұзу, көшіру немесе қалпына келтіру мәселелері;
 - 4) барлық дәрежедегі ескерткіштерге қауіп төндіретін іс-әрекеттерге тиым салу;
 - 5) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінен объектілерді шығарып тастау;
 - 6) ауданның экономикалық, әлеуметтік даму жоспарларына жергілікті маңызы бар ескерткіштерге есеп жүргізу, қорғау және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу бойынша шараптар әзірлеу;
 - 7) тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын мемлекет меншігіндегі ғимараттар мен құрылыштарды пайдалануға беру;
 - 8) тарих және мәдениет ескерткіштері бойынша әр-түрлі зерттеулер, жобалау және қалпына келтіру жұмыстарын откізу;
 - 9) архитектуралық, және құрылыш қызметтеріне тиым салынатын немесе шектелетін аумақтарға ерекше реттеу шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;
4. Комиссия Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген тәртіpte және оның құзырына кіретін мәселелер бойынша құқылышы:
- 1) аудандағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға байланысты мәселелер жөнінде сәйкес органдарға ұсыныс енгізуге;
 - 2) қалпына келтіру және тарихи, археологиялық-архитектуралық құрылыштарды және ескерткіштерді пайдалану процесінде ұйымдармен кеңес беру жұмыстарын откізуға;
 - 3) комиссияның құзырына жататын мәселелер жанында занды және жеке тұлғаларға қажетті мәліметтер беруге;
 - 4) тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану мәселелері бойынша

жергілікті органдар мен ұйымдардың жауапты өкілдерін, ауданның сарапшы және жұмысшы топтарының басшыларын комиссия мәжілісінде тыңдауға құқылы.

5. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Комиссия мәжілісі қажеттілік шамасына қарай өткізіледі және егер барлық мүшелерінің үштен екісі қатысса, құқылы болып саналады.

6. Комиссия шешімі ашық дауыс берумен қабылданады, егер көпшілік дауыс соған берілсе, қабылданған болып есептеледі.

7. Дауыстар тең түскенде, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, оны білдіретін жағдайда жазбаша түрде беруге тиіс. Өткізілген комиссия мәжілісінің қорытындысы бойынша мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің қолдары қойылған хаттама жазылады. Оған қосымша, мәжілісте қаралған құжаттар немесе материалдар тігіледі.

8. Аудандық мәдениет бөлімі комиссияның жұмысшы органы болып табылады.